

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

кажет етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамалардың дамуы зерттеушілердің көпшілігін кедейлік қоғамның әлеуметтік мәселесі деген қорытындыға әкеледі. Кедейліктің себептері және оның пайда болуы туралы пікірталастар қазақстандық жағдайларға да қолданылады, сондықтан да кедейлік төңірегіндегі әртүрлі мәселелер бұдан әрі толық зерттеуді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bizmedia ақпараттық порталы [bizmedia.kz]. – URL: <https://bizmedia.kz/2022/05/16/cherta-bednosti-v-kazahstane-v-2022-godu/> Мақала «Черта бедности в Казахстане в 2022 году» (жарияланған күні: 16.05.2022)
2. Атамекен ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасы порталы [atakenim.atameken.kz]. – URL: <https://atamekenim.atameken.kz/ru/news/34807-metodologiya-reshaet-kto-iz-nas-bednyj> «Методология решает кто из нас бедный» (жарияланған күні: 13.02.2020)
3. Нюхня Ирина Викторовна. Бедность как угроза экономической безопасности государства методические аспекты и системные реалии//Социально экономическое явления и процессы/Т. 10, № 10, 2015, с.98-100.
4. Л.А. Зубкевич. Взаимосвязь социологических методик измерения бедности и развития человечества/Вестник Нижегородского университета им.Н.И.Лобачевского. Серия:Социальные науки,2018,№4(52),с.92-93.
5. Казинформ халықаралық ақпараттық порталы [www.inform.kz]. – URL: https://www.inform.kz/ru/porog-cherty-bednosti-izmenitsya-s-2025-goda-v-kazahstane_a4041853 «Порог черты бедности изменится с 2025 года в Казахстане» (жарияланған күні: 02.03.2023)
6. Капитал-іскерлік ақпарат орталығы порталы [kapital.kz]. – URL: <https://kapital.kz/economic/109672/vsemirnyy-bank-otsenil-uroven-bednosti-v-kazahstane-2.html> «Всемирный банк оценил уровень бедности в Казахстане» (жарияланған күні: 17.10.2022)

УДК 364.044

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «2022 – БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Әмірхан Жанар Нұралыханқызы

amirkhan.zhanar@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі: Байғабылов Н.О.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды Балалар жылы деп жариялап, оларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек екенін айтып, тапсырма берген еді. Президент өскелең ұрпақтың болашағына мән беріп, жастарға зор үміт артатынын, сондықтан да өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау керектігін нақтылады. Бұл жылы ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылды.

Сол кезде Мемлекет басшысы: «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», - деген еді.

Содан бері осы салаға жауапты министрлік өкілдері елімізде балаларға арналған бірнеше жобалар әзірленді. Тіпті ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау

комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев ҚР Үкіметінің қаулысымен балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өтті.

Халық санының 1/3-ін құрайтын балалардың сапалы білім алуына, денсаулығының нығаюына мән беріп, күн тәртібіндегі шешілуге тиіс маңызды мәселелердің бірі болып қарастырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай дайындалған іс-шаралар жоспарына назар аударсақ балалар құқығының қорғалуына, денсаулық жайдайын, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың ахуалын жақсартуға, олардың сапалы білім алуына мүмкіндік беретін бірқатар іс-шаралар енгізілген.

Енді статистикалық мәліметтерге көз жүгіртіп көрелік. 2021 жылдың маусым айындағы деректерге сәйкес, Қазақстанда 6,1 млн бала бар. Оның жартысынан көбі, яғни 3,1 миллионы – ұл бала, ал 3 млн – қыз бала. 3,4 млн бала мектепте оқыса, 914 мың бала мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған.

«Балаға инвестиция салу – аймақ пен елдің табысты және тұрақты дамуының сенімді кепілі. Бүгінде Қазақстандағы балалардың саны 6 миллионнан асады. Олардың әрқайсысының ерекше қорғауға және көмек алуға құқығы бар екенін баса айтқым келеді. ҚР Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығына сәйкес, 2022 жыл балалар жылы деп жарияланды, ҚР Үкіметінің қаулысымен балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді», - дейді комитеті төрағасы Е. Иманғалиев.

Комитет төрағасының сөзінше, іс-шаралар 7 бөлім бойынша 50 тармақтан тұрады. Ол 50 тармақтың ішінде 65 іс-шара бар. Және одан бөлек баланың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында бағытталған 21 іс-шара кіреді. Бірақ «Балалар жылы» осы аталған шаралармен ғана шектеліп қалмайды, республикалық жоспардан бөлек, тағы да 17 өңірлік және 280 аудандық, қалалық білім ұйымдарының жоспарлары қабылданды, – деген еді комитет төрағасы.

«Іс-шаралар жоспарының мақсаты – балалардың физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсарту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. Олар 7 бөлім бойынша 50 тармақтан тұрады. Атап айтсам, «Білімді бала», «Отбасы - қауіпсіз мекен», «Дені сау бала», «Жетімсіз ел», «Жайлы мекен», «BALA QORǴAY», «BALA_TIME.KZ», - деді Е. Иманғалиев.

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы балалар жылында жобалар балалардың құқықтарын іске асыруға бағытталатынын еске салды.

«Оның ішінде сапалы білім беру және тұлғаны дамыту, «Оқитын мектеп», «Мектеп парламенті», «Дебаттар» секілді республикалық жобаларды жасау, сонымен қоса волонтерлік қозғалыстардың жұмысын жандандыру арқылы тәрбие компонентін күшейтуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұдан бөлек берекелі отбасында тәрбиеленуіне, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтардың дәріптелуіне де назар аударылады. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі де басты орында болмақ. Сонымен қоса балаларға арналған инфрақұрылымды және балалар индустриясын дамытуға көп көңіл бөлінеді», - деді ол.

Осы тұста жоғарыда комитет төрағасы атап өткен 7 бөлімге толығырақ тоқталуды жөн көріп отырмыз. Оның алғашқы бағыты – «Білімді бала». Жобаның мақсаты – балалардың сапалы білім алуға және жеке тұлға ретінде дамытуға қатысты құқықтарын жүзеге асырып, оқу-тәрбие процесінде тәрбие компонентін күшейту. Оның шеңберінде барлық деңгейдегі білім алушыны құқықтық тәрбиелеу, сыныпта және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын түсіндіру, балалардың өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін кеңейту арқылы балалар мен жасөспірімдердің азаматтық жауапкершілігін дамыту, 5-11 сынып оқушыларын музей, театрға абонементпен қамтамасыз ету шаралары іске асады.

Оған қоса «Ризашылық – мейірімділік бұлағы», «Мектеп оқушысының мәдени стандарты», «Ұлағатты ұрпақ», «Оқу мектебі», «Жас қаламгер» секілді республикалық білім беру жобалары да қолға алынады. Бұл – республикалық деңгейде өтетін іс-шаралардың бір парасы ғана. Сонымен қоса аймақтарда да бірқатар іс-шара жүзеге асады.

Ал екінші «Отбасы – қауіпсіз мекен» бағыты баланың берекелі отбасында білім алу құқықтарын жүзеге асыру мен отбасындағы адамгершілік және рухани құндылықтарды насихаттауды қамтиды. Жоба бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен тұлғаларға көмек көрсету бойынша іс-қимыл алгоритмін әзірлеу, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру және жекелеген санаттағы балаларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу секілді іс-шаралар жүзеге асады. Сонымен қоса «Менің балам – көшбасшы» атты вебинарлар сериясы, республикалық «Үздік мектеп ата-ана/қамқоршылық комитеті-2022» байқауы, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін 1,5 есеге ұлғайту туралы ұсыныс енгізу, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, туризмді насихаттау, сонымен бірге «Әжемнің ертегілері» онлайн жобасы қолға алынады.

Үшінші бағыт – «Дені сау бала» жобасы. Оның мақсаты – балалардың, мүгедек балалардың құқықтарын жүзеге асыру, балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайту және қорғау. Оның шеңберінде ҚР неонаталды хирургияны одан әрі дамыту жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу, балалар онкологиялық және гематологиялық көмек көрсетуді жетілдіру бойынша Жол картасын әзірлеу, аса тапшы мамандықтар үшін 2022 – 2024 жылдарға резидентураға грант бөлу, жаңа туған нәрестелер мен кішкентай балаларға скринингтік зерттеулер, 18 жасқа дейінгі балаларға профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу, балаларды орфандық және эпилепсияға қарсы препараттармен, амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін кеңейту секілді іс-шаралар іске асады. Оған қоса мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оналтумен қамтуды ұлғайту қолға алынбақ.

Төртінші «Баласын жетімсіретпеген ел» жобасында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын іске асыру бойынша іс-шаралар қолға алынады. Атап айтсақ, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының функцияларын кеңейту, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламасын, яғни «патронаттық кәсіби отбасын» енгізу бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу секілді іс-шараларды қамтиды.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2021 жылғы дерекке сүйенсек, соңғы 3 жылда балалар үйіндегі тәрбиеленушілер саны 32%-ға (6223-тен 4254-ке дейін), ал балалар үйі 30%-ға (138-ден 96-ға дейін) қысқарғанын атап өткен жөн. Балалар жылына орай қолға алынатын іс-шаралар балалар үйінде тәрбиеленетіндер санын азайтуға, сондай-ақ балалар үйлеріне қайтарылған жеткіншектердің санын төмендетуге мүмкіндік берері сөзсіз.

БҒМ мәліметінше, республикада 23 063 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала бар, олардың 81,5%-ы асырап алушы отбасыларында тәрбиеленіп жатыр.

Бесінші бағыт «Жайлы мекен» жобасына тоқталсақ, бұл жоба балаларға арналған инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Нақтырақ айтсақ, қала, елді мекендердің (аула, ойын алаңы, бала жүретін жерлердің) инфрақұрылымын қауіпсіздік тұрғысынан дамыту, арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарды жарақтандыру, «2025 жылға қарай 1000 мектеп» бағдарламасы аясында салынған жаңа мектептердің ашылу салтанатын өткізу, «Балаға мейірімді қала» ұлттық сыйлығын енгізу секілді іс-шаралар легін қамтиды.

Ал келесі «Бала қорғау» жобасы балалардың қауіпсіз даму жағдайларында құқығын жүзеге асыруға бағытталып отыр. Мұнда бұқаралық ақпарат құралдарында суицид тақырыбын жариялау мәселесі бойынша ұсынымдар әзірленеді. Сонымен қоса мектептерде 24/7 режимінде «Balaqorgau» дербес QR-коды енгізіледі. Сол арқылы балалар құқығы бұзылса, министрліктің Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне анонимді жүгінуге болады. Бұдан бөлек білім беру ұйымдарында медиация қызметтерін енгізу, интернет-тәуелділіктің және балалар арасындағы құмар ойындардың алдын алу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру секілді мәселелер қамтылатын болады.

Соңғы 7-бөлімінде «BALA_TIME.KZ» жобасы бойынша балалар мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оның аясында балалар жылына арналған іс-шараларды ақпараттық қамтамасыз етудің медиа-жоспарын әзірлеу, балаларға арналған арнайы медиа өнімдерді шығару және тарату: телешоулар, сериалдар, деректі фильмдер, GIF-тер, әлеуметтік желілердегі имидждік өнімдер, «Балапан» телеарнасында мультимедиялық және танымдық контентті көрсету және «Дана бала» www.danabala.kz балалар әдебиеті сайтының мазмұнын қазақстандық авторлардың кітаптарымен толықтырылады.

Мәдениет саласында 1 млн-нан астам баланы қамтитын бірқатар ауқымды жоба жүзеге асқан. Биыл Балалар жылы басталғалы бері 69 ауқымды іс-шара өткізілген, деп хабарлайды. Мәдениет және спорт министрлігі «Ұлағатты ұрпақ», «Таланттар арамызда», «Мейірім» фестивалі сынды жобаларды жүзеге асырып, 1 миллионнан астам бөбек осы бағдарламаларға қатысты деп отыр. Мәдениет және спорт министрлігі Балалар жылында қолға алынған жобалардың барлығы жүзеге асырылды дейді. Бағдарлама аясында 1 млн-нан астам бала қамтылған екен. Оның ішінде республикалық «Ұлағатты ұрпақ» мәдени білім беру онлайн жобасы бар. Бүгінде ол сайттар мен әлеуметтік желілерде жүргізілуде. Осы күні қаралым саны 2 млн-нан асыпты.

«Балалар әдебиетіне арналған «Дана бала» веб-сайты жұмыс істеп тұр. Бүгінгі таңда 5 мыңнан астам кітапты сайтқа орналастырдық. Сонымен қатар, ерекше қабілеті бар балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға арналған «Таланттар арамызда» республикалық көрме фестивалін өткіздік. Оған 250-ден астам бала қатысты», – деді ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов.

Сондай-ақ, Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Аружан Саин «Балалардың әл-ауқаты және олардың құқықтарын қорғау» тақырыбында өткен ҚР Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында бірқатар бастаманы көтерген болатын.

«Бала құқығы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясымен, «Неке және отбасы туралы» Кодексімен, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңымен реттелген. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй мәселелеріне, құқық қорғау органдарының жұмысына қатысты заңдарда – өміріміздің барлық дерлік салаларында, заңдары мен нормативтік актілерінде кішкентай қазақстандықтардың құқықтары көзделген. Қатысушы-мемлекеттің БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесін растай келе, әлемдік қауымдастықтың балалар үшін қолайлы және мейірімді орта құру жөніндегі күш-жігерін қолдай отырып, 2016 жылы Қазақстанда Балалар құқықтары бойынша уәкілетті институт құрылды», - дейді Аружан Саин.

Аружан саин 2019 жылғы 18 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өкімімен мен Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл болып тағайындалды.

«Үш жарым жылдан бері бұл жұмысты барлық деңгейдегі биліктің барлық тармақтарымен, соның ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің комитеттерімен, халықаралық ұйымдармен бірлесе атқарып келемін. Азаматтық қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың, түрлі саладағы сарапшылардың қолдауының арқасында балалар омбудсменінің жұмысын ерікті түрде болса да, өте тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік туды. Бұл мекеме шын мәнінде қоғамдық және тәуелсіз деп айта аламын. «Мейірімділік» Ерікті Қоғамында 16 жылдан астам жұмыс істеп, кәсіби мамандармен – дәрігерлермен, мұғалімдермен, әлеуметтанушылармен, заңгерлермен, басқа да мамандықтардың өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, барлық қазақстандық балалардың өмір сапасын біршама жақсарту үшін және қазіргі жағдайға түбегейлі әсер ету үшін балалық шақтағы мәселелерді жүйелі түрде шешуге болатынын түсіндім. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін осыдан үш жарым жыл бұрын Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі

уәкілдің мандатын қабылдадым. Осы уақыт ішінде бірқатар елеулі нәтижелерге қол жеткіздік», - деді ол.

Сайынның айтуынша, соңғы жетістіктердің бірі – орфанды аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесін шешу. «Себебі көптеген жағдайларда бұл мәселенің құны – баланың өмірі. Ақырында біз оны Денсаулық сақтау министрлігінің үш бұйрығына Қазақстандағы балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы шештік. Қазір ортақ дистрибьютор арқылы республикалық бюджеттен дәрі-дәрмектің басым бөлігіне орталықтандырылған сатып алу ұйымдастырылды, себебі оны жергілікті атқарушы билік деңгейінде шешу мүмкін емес. Біз қалған препараттарды осы тізімге қосу бойынша жұмысты жалғастырып жатырмыз», - деді ол. Оның айтуынша, өткен жылдың соңында Мемлекет басшысына қазірдің өзінде басталған реформалар туралы – оларды белсендірек ілгерілету жөнінде, сондай-ақ өмір сүру, даму үшін және балалардың қауіпсіздігі үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған жаңа реформалар туралы ұсыныстарын айтқан.

Қорыта айтар болсақ, биылғы балалар жылына арналған іс-шаралар легі осындай. Президент айтқандай мұның бәрі жалаң ұран мен мерекелік шаралар деңгейінде қалып кетпесе, аталған жобалардың бәрі де балалардың, әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын жақсартуға, сапалы білім алып, балалардың креативті ойлауына, өздерін дамытуға ықпал етері сөзсіз.

«Балалар жылы»: Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта

Қолданылған әдебиеттер

1. <https://el.kz/amp/balalardy-or-au-zhylynda-at-arylar-yruar-is-k-p-41677/>
2. <https://egemen.kz/article/312628-bar-dgaqsymyz-%E2%80%93-balalargha>
3. <https://baq.kz/amp/news/othernews/turkistanda-balalar-alany-na-arnalghan-17-nysannyn-qurylysy-zhurip-zhatyr-283905/>

УДК 314.72

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ МИГРАЦИЯНЫҢ ДЕТЕРМИНАНТЫ

Әскербек Зарина Серікқызы

zarinaaskerbek1@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Аннотация: Мақалада әлемдегі экологиялық мәселелердің, әсіресе климаттың өзгеруінен туындап отырған миграциялық іс-әрекеттердің қазіргі тенденциясы баяндалады. Соның ішінде, Қазақстандағы экологиялық мәселеге байланысты ішкі миграцияның орын алу процесі, сондай-ақ, «экологиялық мигранттар» санының қазіргі кездегі өсу тенденциясын анықтау, экологиялық мәселелерге байланысты көші-қон түрлерін айқындап, мемлекет тарапынан атқарылып жатқан бағдарламаларға талдау жасалынады. Мәселенің ғылыми маңыздылығы мен теориялық негізі анықталады.

Негізгі ұғымдар: экологиялық миграция, экологиялық мигрант, экологиялық босқын, техногендік апаттар, ішкі миграция, мәжбүрлі экологиялық көші-қон, ерікті экологиялық көші-қон, географиялық детерминизм, әлеуметтік мобилдік.

Экологиялық көші-қон жаңа құбылыс емес. Адамдар әрқашан өз өмірін сақтап қалу үшін немесе жасыл жайылымдар мен балама өмір сүру құралдарын іздеу үшін қоныс аударған. Экологиялық көші-қонның жаңалығы – 2000 жылдардың ортасынан бері осы